


Алдияр, Б.

Ақпарақ. – Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2017. – 392 бет.



Қадірлі оқырман!

Талантты ақын Бақытжан Алдиярдың қолдарыңыздағы «Ақпарақ» атты жыр жинағы біраз жылғы еңбектерден жинақталған топтама өлең-жырлардың таңдамалысы іспеттес.

Жинақта ақынның бұған дейін жарық көрген кітаптарынан бірқатар өлеңдер мен балладалар берілген. Онда махаббат, сезім, жастық жалын мен кейінгі кезеңдерде жазылған жәйт – жоғарыда аталған шайырлардың ғазалдары қазақ тіліне тұңғыш рет парасатты поэзия үлгілері орын алған. Сонымен қатар, қолдарыңызға жинаққа Бақытжан Алдиярдың аудармалары да енгізілген. Атап айтқанда, шығыстың әлемге әйгілі шайырлары Маулана Атаидың және Мұхаммед Заһираддин бабырдың ғазалдары толығымен жарық көрді. Ескерте кететін бір жәйт –

жоғарыда аталған шайырлардың ғазалдары қазақ тіліне тұңғыш рет көркемделіп, толық аударылған.

Кітаптың «Ақпарақ» деп аталуының да өзіндік мән-мағынасы бар. Ақпарақ – бір жағынан ақынның туып-өскен ауылындағы өзен атауы болса, екінші жағынан поэтикалық сипаты да жұмбақ кейіпте беріліп отыр.

Ендеше, мархабат, қадірлі өлеңсүйер қауым!

84 (5 Қаз)  
Б 17

**Байғұт, М.**

Іштарлық пен құштарлық: Хикаят-эссе . – Алматы:  
«Қазығұрт» баспасы, 2018. – 220 бет.



Тағдарлы тұлға, ғұлама ғалым, атақты абайтанушы, мұхтартанушы, бауыржантанушы Мекемтас Мырзахметұлы туралы жазылған бұл хикаят-эссе кейбір журналдарда, жинақтарда жарияланып, жоғары бағаланған. Алғаш рет жеке кітап ретінде шығарылып отыр.


Кітап көпшілік оқырманға арналады.

84 (5 Қаз)

Ә 49

Әлімжан, Әлішер.

Мені құшақта. Қарағанды: «TENGRİ LTD», 2018. – 85 бет.



Өлеңдерінің табиғаты шығыс шайырларының лирикасына жақын тұрады. Сиқырлы, тылсым табиғат. Әсілі, лирикаға өз оқырманы керек. Жүрегі бар оқырман. Ақын арқылы әлемді, ал сол әлемнен тазалықты, тазалықтан сұлулықты, сұлулықтан өзін көре алатын.

Бұл әлемде – Әлімжан Әлішер әлемі осындай – қисық айналары жоқ кеңістік. Оқырманды адастырмайды. Бетперденің артына тығылмайды. Жас ақынның өлең әлемі сонысымен сұлу. Сонысымен өзгеше.

88.3  
Б 39

**Бекжігітова К.Б.**

Ойынды өзгертіп, өміріңді өзгерт 1 / К.Б.Бекжігітова. – Алматы: Gypu Print, 2017. – 180 б.



Автор оқырманға ақыл айтпайды. Ол өзінің басынан кешкен қиындықтарды қалай жеңіп шыққанын баяндайды. Оған не түрткі болғанын жеткізеді. Жоқшылықпен күресу мен жалғыздықтан арылудың ең ұтымды жолдарын ұсынады. Қызығы сол, кім-кімді де тағдырдың теперішінен құтқаратын күш-ата-ана, дос-жаран, қоғам, орта т.б. емес, сол адамның – нақ өзі.

84 (5 Қаз)  
Ч 41

### Чендеш Иштванице

Ескі шатырдағы ертегілер / И. Чендеш; ауд. С. Бақтыгерей. – Астана: Фолиант. 2017. – 32 бет.



Ғажайыптар тек ертегілерде ғана бола ма? Кішкентай Фелиция да дәл осылай ойлайтын. Алайда Жаңа жыл қарсаңында небір сиқыр болады. Қысқы демалыс кезінде атасы мен әжесіне қонаққа келген Фелиция ескі шатырға тап болды. Кенет...

Тамаша суреттері қоса берілген өнегелі ертегілер кез келген жастағы оқырманға қызық болары сөзсіз.




63(5 Қаз)

Т 14

### Тайшыбай Зарқын

Атадан асыл аманат / Зарқын Тайшыбай. – Алматы: Қазақ университеті, 2017. – 484 бет



Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, М. Қозыбаев атындағы СҚМУ профессоры Зарқын Тайшыбайдың әр жылдары жазған зерттеу еңбектері қазақ тарихы мен мәдениетінің бедерлі белестерінен хабар береді. Мақалалардың ғылыми тиянағы берік, жеңіл оқылады. Кітап қалың оқырманға арналған.

85.33 (5 Қаз)  
Ж 66

**XXI ғасырдағы қазақ театры: дәстүр және инновация.** Ұжымдық монография. – Алматы: Print Express, 2017 – 340 б.



Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитеті жариялаған әлеуметтік және гуманитарлық ғылым салалары бойынша іргелі және қолданбалы зерттеулер аясында М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Теарт өнері бөлімі дайындаған «XXI ғасырдағы қазақ театры: дәстүр және инновация» ұжымдық монографиясы қазақ сахна өнерінің бүгінгі дамуы үдерісінде көрініс берген инновациялық ізденістері, қойылымдардағы адамзат ақыл-ойының нәтижесі алып келген соны жетістіктер жайлы ой тарқатады. Ұлттық сахна өнерінде бой көрсеткен заманауи үлгідегі қойылымдар, озық театр үдерістер, режиссурадағы соны сахналық шешімдер, айшықты актерлік

ойын өрнектері қалыптасқан дәстүр мен жаңашылдықтың ара қатынасы арқылы қарастырылады.


Ұжымдық монография заманауи қазақ театр өнерін зерттеуші мамандарға, арнайы орта және жоғары өнер оқу орындарының студенттеріне және театр өнері мен мәдениетінің тарихына қызығушылық танытатын жалпы жұртшылыққа арналған.

88. 3 (5 Қаз)

С 30

Сенгирбекова Л.

Әйел / Ляйла Сенгирбекова. – Астана, 2017. – 248 б.



Алдымен сіз екеуміз мына нәрсеге келісіп алайық: мен сізден шынайы болуды ғана өтінемін. Кез келген ортада бетпердемен жүруге әбден машықтанып алдық қой. Бізге солай ыңғайлы. Алайда үнемі мықты болып көрінуден шаршамадыңыз ба?! Мен сізді жұмыста, үйде, түзде қолынан келмесе де, күліп жүруге тырысатын адаммен емес, нағыз әйелдің табиғатымен тілдестіргім келеді.

Соңғы рет өз өтінішінді қашан орындаған едіңіз?! Жанарыңызда жасырынған не?!

Іркілген жас па, әлде риясыз қуаныш па?!

Сіз өзіңізбен танысуға дайынсыз ба?... Мен сізді күтіп тұрмын...




87

Ю 12

Юнус Эмре


**Жырлар** / Аударған М. Отарбаев/ – Алматы: «Ан Арыс» баспасы, 2018. – 448 б.



Сопылық поэзияның аса көрнекті өкілдерінің бірі Юнус Эмренің жырлары толыққанды түрде қазақ тіліне тәржімаланып, тұңғыш рет қазақ оқырмандарына жол тартып отыр. Ақын жырлары бұл дүние қызықтарының бір сәттік өткінші екенін, мәңгіліктің тек Алла жолында ғана екендігін насихаттайды.

Кітап қалын оқырман қауымға арналған.

**Қожамқұли-бек Балхи. Тарих-и Қыпшақи** / Сөзбе – сөз аударған Ю. Пилтан, әдеби өңдеп, редакциялық жұмыстарын жүргізіп, қосымшаларын жазғандар: Т. Әлбеков, Н. Елесбай, А. Оралбек. – Алматы: Принт, 2017. – 800 б.



Қазақ тарихының ілкі кезеңдерін, ұлт болып қалыптасу, даму үрдістерін терең ашып, нақты деректерімен айғақтап беретін ғылыми еңбектер көп емес. Парсы тілінен алғаш тікелей аударылып отырған тарихшы Қожамқұли-бек Балхидың (XVIII ғ. басы) «Тарих-и Қыпшақи» атты еңбегі аз да болса осы олқылықтардың орнын толтырады деген ойдамыз. Кітапта Оңтүстік Азия, Таяу Шығыс, Еуропа елдерінің, әсіресе Орта Азия мен Қазақстанның тарихы жан-жақты баяндалады.

Еңбек тарихшы, шығыстанушы, әдебиеттанушы ғалымдарға, студенттерге, магистранттар мен PhD докторанттарға, жалпы оқырман қауымға арналған.

Е. Тұрысов

Екі томдық шығармалар жинағы / Е. Тұрысов. – Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2017. – Т.1. – 640 б.



Адамзат әулеті өз тағдыры мен тарихына егелік еткен ықылым заманнан бергі жерде, тұтас әлемді уысында ұстауды мансұқ еткен қаншама қайсар көсемдерді көргені аян. Солардың ішінде бұлт үстінен шаншылған зәулім шындардай үш әйдік тұлға ғасырлар айдынынан биіктеп, ерекше айқын шалынады. Олар: ежелгі дүниеде өткен шығыста Ескендір Зұлқарнай деп дәріптелген Александр Македонский және орта ғасырлар тұсында өткен Азияның қос алыбы: Шыңғыс хан мен әлемге әйгілі Әмір Темір көреген екені даусыз.

Сол үштіктің соңғысы бізге, қалың қазақ жұртына қан туыстығымен, шыққан ортасымен, билік құрған дәуірімен жақын. Қаһарман – жиһангер падишах Әмір Темірдің өмір сүрген заманы,

сол заманның тізгінін өз қолында ұстаған адам хақындағы сан ғасырлар қатпарында қалған тарихи шындық пен алуан сырлы аңыздар ағымында әлемдік ғылым мен әдебиеттің қаншама майталман саңлақтары Әмір-Темір әлеміне тұтас өмірін арнады.

Осы ретте бұл аса күрделі дүниеге қазақ әдебиеті тарихында алғашқы қатарда тыңнан түрен тартқан акциясы барысында таңдап алынған «Темірлан» романы ерекше орында тұр.

Жазушы шығармаларының бұл кітабына осы әйгілі романы және ел тарихында өшпес орын алған әйдік тұлғалар жайындағы тарихи, көркем повестері мен естеліктері енгізілді.



**Е. Тұрысов**

**Екі томдық шығармалар жинағы / Е. Тұрысов.** – Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2017. – Т.2. – 640 б.



Әмір Темірдің 1391 жылғы белгітаста мынадай сөздері бар: «Алла беріп, жаратушы әділ төрелігін жүргізсін! Жаратушы ел халқына мейірімін төксін! Бізді ескеріп жарылқасын».

2014 жылы одан алты ғасыр өткен соң Ұлытауға арнайы барған сапарында Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев Әулиебұлақ басында берген сұхбатында былай деді: «Мына өзіміз келіп отырған Ұлытау өте қасиетті жер... Сонау Жошы ханның да, Алаша ханның да, Едіге батырдың да – бәрінің көзін көрген шығар. Мінекей, дүние деген осылай ылғи тұра береді. Заман өтеді, уақыт алға жылжиды. Ұрпақтар бірінің жолын бірі жалғайды. Бірақ ата-бабамыздың жері осылай керемет болып қала береді. Осындай әулиелі жерден қуат алған халқымыз ата-бабалар жолымен жүреді деп

санаймын. Ол жол – сара жол, Мәңгілік Елдің жолы!».


Белгілі қайраткер, жазушы Еркінбек Тұрысовтың бұл шығармалар жинағына автордың туған ел, өскен өлкенің келісті- кең табиғаты мен онда жасап өткен жасампаз заман тұлғалары жайындағы тарихи, көркем туындылары енгізілді.

63.3(5 Қаз)

А 39

**Алашорда:** Фотоальбом. Өңделіп, толықтырылған басылым. / Құрастырып, түсініктерін жазған:

Б. Мүрсәлім. – Алматы: «Ел-шежіре» ҚҚ., 2017. – 304 бет.



Фотоальбом Алаш қозғалысының қалыптасу, саяси сахнаға шығу, Алаш автономиясын құру, Кеңестік дәуірдегі қуғын-сүргін кезеңдерінің суреттерін қамтиды. Ғылыми-көпшілік жинақ зерттеуші мамандарға, студент жастарға, ел тарихы, саясаты және руханиятына қызығатын зерделі оқырманға арналған.